

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 13 тамыздағы № 241-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 тамызда № 36631 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрі

А. Шаккалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрі
2025 жылғы 13 тамыздағы
№ 241-НҚ Бұйрықпен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Өлшем құралдарының типін бекіту, оларға типін бекіту мақсаттарына арналған сынақтар, метрологиялық аттестаттау және "Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру" және "Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру" мемлекеттік қызметтер көрсету, өлшем құралдарының типін бекіту

туралы сертификат нысанын және типті бекіту белгісінің нысанын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 931 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18110 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өлшем құралдарының типін бекіту, оларға типін бекіту мақсаттарына арналған сынақтар, метрологиялық аттестаттау және "Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру" және "Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру" мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларында:

Өлшем құралдарының типін бекіту, оларға типін бекіту мақсаттарына арналған сынақтар, метрологиялық аттестаттау және "Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру" және "Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру" мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына 4-қосымшада:

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі–Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндері жүтінген кезде мәліметтерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 08:30-ден 16:00-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12:30-дан 13:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында: www.beta.egov.kz, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
---	---	---

".
,

Өлшем құралдарының типін бекіту, оларға типін бекіту мақсаттарына арналған сынақтар, метрологиялық аттестаттау және "Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру" және "Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру" мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына 6-қосымшада:

реттік нөмірі 7- жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі—Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші — "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 08:30-ден 16:00-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12:30-дан 13:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында: www.beta.egov.kz, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
---	--	---

".

2. "Өлшемдерді орындау әдістемелерін және өлшемдерді орындаудың референттік әдістемелерін әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 932 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18108 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өлшемдерді орындау әдістемелерін және өлшемдерді орындаудың референттік әдістемелерін әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларында:

Өлшемдерді орындау әдістемелерін және өлшемдерді орындаудың референттік әдістемелерін әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 4-қосымшада:

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі–Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 08:30-ден 16:00-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12:30-дан 13:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында: www.beta.egov.kz, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
---	---	--

".

3. "Стандартты үлгінің типін бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және "Шетелде шығарылған стандарттық үлгіні қолдануға рұқсат ету" және "Мемлекеттік стандарттық үлгіні бекіту" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 933 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18106 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стандартты үлгінің типін бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және "Шетелде шығарылған стандарттық үлгіні қолдануға рұқсат ету" және "Мемлекеттік стандарттық үлгісін бекіту" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларында:

Стандартты үлгінің типін бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және "Шетелде шығарылған стандарттық үлгіні қолдануға рұқсат ету" және "Мемлекеттік стандарттық үлгісін бекіту" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына 2-қосымшаға:

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндері жүтінген кезде мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодекске және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 12:30-дан 13:30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 16:00-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы Министрліктің www.beta.gov.kz интернет-ресурсында,
---	--	--

"

	Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
--	---

".

Стандартты үлгінің типін бекіту және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және "Шетелде шығарылған стандарттық үлгіні қолдануға рұқсат ету" және "Мемлекеттік стандарттық үлгісін бекіту" мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына 4-қосымшада:

реттік нөмірі 7 – жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндері жүтінген кезде мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодекске және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 12:30-дан 13:30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 16:00-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы Министрліктің www.beta.egov.kz интернет-ресурсында, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
---	--	--

".

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20667 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 2-қосымшада:

реттік нөмірі 7- жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодекске және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 12:30-дан 13:30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 16:00-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы Министрліктің интернет-ресурсында: www.beta.egov.kz , "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
---	--	---

".

5. "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 399-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22967 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

4- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау үшін уәкілетті орган кемінде бес адамнан тұратын сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссия құрады. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына дауыс беру құқығынсыз уәкілетті органның, аккредиттеу жөніндегі органның, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің өкілдері байқаушы ретінде енгізіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 7-қосымшада:

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) жұмыс істейді; 2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодекске және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12:30-дан 13:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 17:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы Министрліктің www.beta.egov.kz интернет-ресурсында,
---	--	--

"

	Мемлекеттік қызметтер" орналастырылған.	көрсетілетін бөлімінде
--	---	------------------------

"

6. "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, олардың қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 1 шілдедегі № 440-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23412 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы- аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзарту үшін, аттестаттарынан айырылған сарапшы-аудиторларды және мерзімі тоқтатылған немесе өткен сарапшы-аудиторларды қоспағанда, аттестат мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес мерзімде көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мынадай құжаттарды жолдайды:";

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы- аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 6-қосымшада:

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

		1) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты
--	--	---

8	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) 5-бабына сәйкес электрондық құжаттарды және (немесе) мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодекстің 84-бабына және Мерекелер туралы заңның 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12:00-дан 13:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 17:30-ға дейін.
---	---	---

".